ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 06 қыркүйек №7119-23-00-2/7861 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ч.Абенова,
сот отырысының хатшысы А.М. Кашкамбаева болып,
прокурор Т.Тагаева қатысуымен,
ашық сот отырысында мобильді байланыс және аудио-бейнетүсірілім құралдарын қолданып, келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЖАУАПКЕР:
«IT-BOOM» Жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілдері Р.С. Бекеева, А.Кузебаев
жауапкердің өкілі О.С. Сухоруков
аудармашы Б.Ахметова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі және «IT-BOOM» ЖК арасында 2023 жылғы 27 сәуірдегі №143 үлкен шредер мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды, аумақтық қазынашылық бөлімшесінде 2023 жылғы 28 сәуірде тіркелген.

Сатып алынатын тауарлардың тізбесінде көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін шартты аумақтық қазынашылық органында тіркеген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде тауарды жеткізу бөлігінде, жеткізудің соңғы мерзімі 2023 жылғы 29 мамырда айқындалған.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 06.09.2023

2023 жылғы 30 мамырда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді орындамағаны үшін шартты біржақты бұзу ниеті туралы хабарлама жіберілді.

Шарттың 1.1-тармағына сәйкес, Өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 001-111-414, шредер үлкен.

Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес тауарды жеткізу мерзімі шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде көзделеді және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

2023 жылғы 14 маусымдағы жағдай бойынша өнім беруші жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және қабылданған тауарларды қабылдау-беру актілері жоқ.

Шарт 2023 жылғы 14 маусымда бұзылды.

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелді, оның сомасы 7 662 теңге 08 тиын (мерзімі өткен 16 күн үшін (30.05.2023 - 14.06.2023). Есеп - (478 880 (шарт сомасы) х 0,1% х 16 (мерзімі өткен күн) = 7 662 теңге 08 тиын).

Жоғарыда айтылған себептен талапкер «IT-BOOM» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану жыне тұрақсыздық айыбы өндіру туралы арызбен жүгінді.

Жауапкердің өкілі талап арызға қарсылық жауап берді, оған сәйкес ол талаппен келіспейді. Тауар жеткізілген және техникалық сипаттамаға сәйкес келеді, бірақ талпкер тұл тауарды қабылдамайды. Актіге сәйкес шамалы сәйкессіздіктер бар, бірақ жіткізілген тауар сапасы жақсы.

Талап қоюшы талап қоюды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюды мойындамай, шартты тиісті турде орандалатынын түсіндіре отырып, талап қою қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурордың қортындысын, тараптардың пікірін тындап сот келесіге келді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 06.09.2023

Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Талапкердің талаптары жеткізілген шредердің техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтіндігіне негізделген. Автоматты парақ беру жоқ, сонымен қатар ұсақтағыштың өлшемдерінде айырмашылықтары бар.

Техникалық ерекшелікке сәйкес шредер қағазды автоматы парақ берумен қамтылу керек, сонымен қатар шредердің өлшемдері бекітілген.

Өлшемдері кем дегенде 947*538*510 миллиметр болуы керек, бірақ өлшемдері бойынша ұсақтағыш 950*560*495 бұл техникалық сипаттамаға да сәйкес келмейді.

2023 жылғы 25 мамырда талапкер жеткізілген тауарды өндірушінің атына техникалық сипаттамалары бойынша сұрау салуды жолдады.

2023 жылғы 25 мамырды құжаттарды жүктеуге және автоматты түрде беруге арналған науа жоқ деген жауап берілді. Сонымен қатар, бұл талаптар техникалық сипаттамада қарастырылған.

Тараптар арасындағы шарт біржақты тәртіппен бұзылды, жауапкердің бұзуына дау жоқ, бұл тапсырыс берушінің ұстанымымен келісетіндігін көрсетеді.

Көрсетілген жағдайларда сот талапкердің талаптарын негізді және қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсызды айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 06.09.2023

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелді, оның сомасы 7 662 теңге 08 тиын (мерзімі өткен 16 күн үшін (30.05.2023-14.06.2023). Есеп - (478 880 (шарт сомасы) х 0,1% х 16 (мерзімі өткен күн) = 7 662 теңге 08 тиын).

Сот, ұсынылған құжаттармен расталған тауар жеткізілмегенін ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын негізделген деп санайды.

Мемлекеттік баж АПК-нің, 109 117- бабтарына сәйкес өндіріліп алынуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «IT-BOOM» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбы өндіру туралы - қанағаттандырылсын.

«IT-BOOM» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«IT-BOOM» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне айыппұл сомасын 7 662, 08 (жеті мың алты жүз алпыс екі) теңге 08 тиын өндірілсін.

«IT-BOOM» жеке кәсіпкерден жергілікті бюджет пайдасына 1955 (бір мың тоғыз жүз елу бес) теңге баж салығы өндірілсін

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья А.Абенова

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 06.09.2023